

**«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА  
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС**

**«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС  
автокөліктерін өткізуге арналған**

**АШЫҚ ТЕНДЕР**

**ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА**

**Алматы қ.  
2026 жыл**

**«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА**

**1. Тендердің тақырыбы**

1.1. Осы «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС автокөліктерін өткізуге арналған ашық тендерді өткізу жөніндегі тендерлік құжаттама әлеуетті сатып алушыларға олардың тендерге қатысу шарттары туралы толық ақпарат беру мақсатында әзірленді.

1.2. Ашық тендер «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС автокөліктерінің әлеуетті сатып алушыларын анықтау, сондай-ақ ең үздік баға ұсынысын таңдау мақсатында өткізіледі. Өткізілетін автокөліктердің толық тізбесі Техникалық сипаттаманың **№1 Қосымшада** келтірілген.

1.3. 2012 жылы шығарылған, 4 дана көлеміндегі Toyota Hilux 2,7 автокөлігі (№1, №2, №3, №4 лоттар) Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 53 мекенжайында орналасқан. 2012 жылы шығарылған, 6 дана көлеміндегі Toyota Hilux 2,7 автокөлігі (№5, №6, №7, №8, №9, №10 лоттар) Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, «Қараөзек» вахталық кенті мекенжайында орналасқан. Сатуға қойылатын автокөлік ешкімге сатылмаған, кепілге қойылмаған, дауда жоқ және қамауда (тыйым салуда) тұрған жоқ.

1.4. Ашық тендердің ұйымдастырушысы «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) болып табылады. Тендерлік құжаттама, сондай-ақ өткізілетін автокөлікпен алдын ала танысу мүмкіндігі [www.bsgr.kz](http://www.bsgr.kz) веб-сайтында немесе Серіктестік қызметкерлерімен көрсетілген нөмірлер бойынша алдын ала келісілгеннен кейін оның орналасқан жері бойынша қолжетімді. Барлық сұрақтар бойынша мына тел. арқылы хабарласуға болады: 8 (727) 342-36-86, 342-36-78.

1.5. Автокөлікті сату үшін көзделген құны ҚҚС есебімен 21 395 000 (жиырма бір миллион үш жүз тоқсан бес мың) теңгені құрайды, оның ішінде лоттар бойынша:

**«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС өткізілетін автокөліктерінің №1 Қосымшаға сәйкес лоттарға бөлінген тізбесі және құны:**

Лоттың №	МБМҚ	VIN коды	Сатудың бастапқы құны, ҚҚС есебімен теңге	Автокөліктің орналасқан жері
1	H 7666 02	MROFX22G0C1078712	2 187 000	Алматы қ., Абылай хан д-лы, 53
2	H 5358 02	MROFX22G6C1343911	1 460 000	
3	C 3044 02	MROFX22G9C1079650	2 168 000	
4	H 4528 02	MROFX22G9C1355101	2 543 000	
5	H 5083 02	MROFX22G2C1076766	2 022 000	Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, «Қараөзек» вахталық кенті
6	H 5084 02	MROFX22G0C1078466	2 487 000	
7	H 5356 02	MROFX22G8C1353453	2 336 000	
8	H 5359 02	MROFX22G0C1075938	2 288 000	

**«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА**

9	H 7664 02	MROFX22G8C1353372	2 064 000	
10	H 8087 02	MROFX22GXС1353728	1 840 000	

**2. Тендерлік құжаттаманың мазмұны**

2.1. Серіктестік (бұдан әрі - Тендерді ұйымдастырушы) әлеуетті сатып алушыларға ұсынатын осы Тендерлік құжаттама мыналарды қамтиды:

- әлеуетті сатып алушыларға қойылатын талаптар;
- тендерлік құжаттаманы түсіндіру;
- Тендерлік құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- тендерлік өтінімді қамтамасыз ету;
- тендерлік өтінімдердің мазмұны;
- тендерлік өтінімді ұсыну;
- баға ұсынысы;
- тендерлік өтінімнің тілі;
- тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі;
- тендерлік өтінімдерді өзгерту және оларды кері қайтарып алу;
- тендерлік өтінімдерді ұсыну орны мен түпкілікті мерзімі;
- тендерлік өтінімдерді ашу;
- тендерлік өтінімдерді алдын ала зерделеу және қарау;
- әлеуетті қатысушылардың қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау критерийлері мен әдістері;
- тендерлік өтінімдерді бағалау және салыстыру;
- тендер қорытындысын шығару тәртібі;
- шарт жасасу тәртібі;
- төлем жасау және автокөлікті беру тәртібі;
- «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС өткізілетін автокөліктеріне арналған Техникалық сипаттама (№1 Қосымша);
- сату-сатып алу шартының жобасы (№2 Қосымша);
- тендерге қатысуға өтінім нысаны (занды тұлғалар үшін) (№3 Қосымша);
- тендерге қатысуға өтінім нысаны (жеке кәсіпкерлер мен жеке тұлғалар үшін) (№4 Қосымша);
- Баға ұсынысының нысаны (№5 Қосымша).

**3. Әлеуетті сатып алушыларға қойылатын талаптар**

3.1. Тендерге қатысуға жеке және заңды тұлғалар жіберіледі, бұған мыналар кірмейді:

- сату-сатып алу шартын жасасу және орындау бойынша тиісті міндеттемелерді орындамаған алдыңғы аукциондар мен тендерлердің жеңімпаздары;

*BT*

## «БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

— Серіктестіктің Уәкілетті органының мүшелері, тендерлік комиссия мүшелері, тендерді ұйымдастырушылар, сондай-ақ олардың жақын туыстары (ата-аналары, жұбайы (зайыбы), бір әке, бір шешеден туған және әкесі немесе шешесі бөлек аға-інілері мен апа-сиңлілері (қарындастары), балалары, асырап алынған балалары немесе жекеқаттары (жұбайының (зайыбының) бір әке, бір шешеден туған және әкесі немесе шешесі бөлек аға-інілері мен апа-сиңлілері (қарындастары), ата-аналары және асырап алған балалары).

3.2. Әлеуетті сатып алушы мен оның үлестес (аффилирленген) тұлғасының бір тендерге қатысуға құқығы жоқ.

### 4. Тендерлік құжаттаманы түсіндіру

4.1. Әлеуетті сатып алушы тендерлік өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталудан кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын Тендерді ұйымдастырушыдан Тендерлік құжаттаманы түсіндіруді сұратуға құқылы. Тендерді ұйымдастырушы сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оған жауап беруге және мұндай түсіндірмені Тендерлік құжаттама берілген барлық мүдделі әлеуетті сатып алушыларға жіберуге тиіс.

4.2. Тендерді ұйымдастырушы осы Тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру үшін Тендерлік құжаттамада көрсетілген белгілі бір орында және уақытта әлеуетті сатып алушылармен кездесу өткізуге құқылы. Бұл ретте Тендерді ұйымдастырушы кездесу қорытындысы бойынша кездесу барысында қойылған Тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрақтарды, сондай-ақ осы сұрауларға берілген жауаптарды қамтитын хаттама жасайды. Кездесу қорытындысы туралы хаттама Тендерлік құжаттама берілген барлық әлеуетті сатып алушыларға дереу жіберіледі.

### 5. Тендерлік құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу

5.1. Тендерді ұйымдастырушы тендер өткізу туралы бастапқы хабарлама жарияланған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өз бастамасы бойынша немесе әлеуетті сатып алушылардың сұрау салуларына жауап ретінде Тендерлік құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

5.2. Енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың міндетті күші болады және бұл туралы Тендерлік құжаттама берілген барлық әлеуетті сатып алушыларға дереу хабарланады. Бұл ретте тендерлік өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімін Тендерді ұйымдастырушы әлеуетті сатып алушылардың өз тендерлік өтінімдерінде осы өзгерістер мен толықтыруларды ескеруі үшін кемінде 5 (бес) күнтізбелік күнге ұзартады.

### 6. Тендерлік өтінімді қамтамасыз ету

SA Leo

«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

6.1. Әлеуетті сатып алушы тендерлік өтінімді ұсынумен бір мезгілде осы Тендерлік құжаттамада көзделген тәсілмен және шарттарда бастапқы/ең төменгі құнның 5% (бес пайыз) мөлшерінде өтінімді қамтамасыз етуді (кепілдік жарнаны) енгізеді.

6.2. Тендерлік өтінімді қамтамасыз ету банкке орналастырылатын ақша кепілі түрінде ұсынылады және оны әлеуетті сатып алушы «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС шотына мынадай реквизиттер бойынша енгізеді:

BSN 110140008803, КБе 17,

KZ319130016662210KZT – резиденттер теңгемен

KZ059130016662211USD – бейрезиденттер АҚШ долларымен

«Қазақстандағы Қытай Банкі» ЕБ АҚ, Банктің БИК ВКСНХЗКА, Банктің BSN 930440000156

6.3. Тендерлік өтінімді қамтамасыз етудің енгізілгенін растайтын құжаттың түпнұсқасын әлеуетті сатып алушы өз тендерлік өтінімінің бөлігі ретінде ұсынады. Тендерлік өтінімді қамтамасыз етуі жоқ барлық тендерлік өтінімдерді тендерлік комиссия Тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін өтінімдер ретінде қарамайды.

6.4. Тендерлік өтінімді және оны қамтамасыз етуді ұсынған әлеуетті сатып алушыға мынадай жағдайларда тендерлік өтінімді қамтамасыз ету қайтарылмайды, егер әлеуетті сатып алушы:

1) тендер жеңімпазы сату-сатып алу шартын жасасудан бас тартса (жеңімпаз Серіктестік қатысушысы (қатысушылары) артықшылықпен сатып алу құқығын іске асырғаннан кейін қалған активтің бір бөлігін сатып алудан бас тартқан жағдайды қоспағанда);

2) тендерлік өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін және тендердің қолданылу мерзімі өткенге дейінгі кезеңде өз тендерлік ұсынысынан бас тартқан (өтінімін кері қайтарып алған) немесе оны өзгерткен қатысушы болса;

3) тендер жеңімпазы болып анықталса. Бұл жағдайда сатып алушы енгізген кепілдік жарнаның сомасы сатып алушының Серіктестікпен түпкілікті есеп айырысуы кезінде мәміленің жалпы сомасына есептеледі.

Қалған барлық жағдайларда тендерлік өтінімді қамтамасыз ету әлеуетті сатып алушыға тендер қорытындысы шығарылған күннен бастап он бес банктік күн ішінде қайтарылады.

## 7. Тендерлік өтінімдердің мазмұны

7.1. Ашық тендерге қатысуға ниет білдірген, заңды тұлға болып табылатын әлеуетті сатып алушының тендерлік өтінімінде мыналар болуы тиіс:

1) №3 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылған тендерге қатысуға өтінім;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама;

3) заңды тұлға жарғысының нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріне аудармасы бар сауда тізілімінен нотариалды

«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

куәландырылған заңдастырылған үзінді көшірме (Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін);

4) бірінші басшы немесе оның орнындағы тұлға, сондай-ақ бас бухгалтер (бухгалтер) кол қойған бухгалтерлік теңгерімнің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) құрылтай шартынан немесе жарғыдан құрылтайшылардың құрамы туралы нотариалды куәландырылған үзінді көшірме немесе конверттер ашылатын күннің алдындағы 30 күнтізбелік күннен кешіктірілмей берілген акция ұстаушылар тізілімінен нотариалды куәландырылған үзінді көшірме;

6) қосылған құн салығы бойынша есепке тұру туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі (ҚҚС төлеушілер үшін);

7) №5 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылған әлеуетті сатып алушының баға ұсынысы;

8) Тендерлік құжаттамада баяндалған енгізу шарттарына, мазмұны мен түріне сәйкес келетін, ашық тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің енгізілгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы, бұл ретте ашық тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы соманың 5%-ына тең болуы тиіс;

9) «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС өткізілетін автокөліктеріне арналған, тігілген түрдегі, беттері нөмірленген, соңғы беті әлеуетті өнім берушінің қолымен және мөрімен куәландырылған Техникалық сипаттама (№1 Қосымша).

Ашық тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің енгізілгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы және өткізілетін автокөлікке арналған Техникалық сипаттамаға бөлек қоса беріледі және тендерлік өтінімнің құрамында тігілмейді.

7.2. Ашық тендерге қатысуға ниет білдірген, жеке кәсіпкер немесе жеке тұлға болып табылатын әлеуетті сатып алушы ұсынатын тендерлік өтінімде мыналар болуы тиіс:

1) №4 Қосымшаға сәйкес ашық тендерге қатысуға өтінім;

2) жеке басты куәландыратын құжаттың – жеке куәліктің, Қазақстан Республикасы азаматы паспортының, жеке басты куәландыратын құжаттарды ауыстыруға қабылдау туралы әділет органдары анықтамасының не өзге мемлекет азаматының жеке куәлігінің/паспортының, не азаматтығы жоқ тұлға құжатының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

3) тиісті мемлекеттік орган берген, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру құқығын беретін құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі (*жеке кәсіпкер үшін*);

4) №5 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылған әлеуетті сатып алушының баға ұсынысы;

5) Тендерлік құжаттамада баяндалған енгізу шарттарына, мазмұны мен түріне сәйкес келетін, ашық тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің енгізілгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы, бұл ретте ашық тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы соманың 5%-ына тең болуы тиіс;

6) «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС өткізілетін автокөліктеріне арналған, тігілген түрдегі, беттері нөмірленген, соңғы беті әлеуетті өнім берушінің қолымен

38

«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

және ол бар болса, мөрмен (жеке кәсіпкер үшін) куәландырылған Техникалық сипаттама (№1 Қосымша).

Ашық тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің енгізілгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы және өткізілетін автокөлікке арналған Техникалық сипаттама бөлек қоса беріледі және тендерлік өтінімнің құрамында тігілмейді.

## 8. Тендерлік өтінімді ұсыну

8.1. Әлеуетті сатып алушы тендерлік өтінімді тендерлік құжаттамада көрсетілген өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін желімделген конвертте ұсынады. Өтінім тігілген, беттері нөмірленген болуы, ал соңғы беті немесе парағы әлеуетті тендерге қатысушының қолымен және мөрмен (мөр болған жағдайда) куәландырылуы тиіс. Конвертте әлеуетті сатып алушының атауы мен мекенжайы көрсетілуі керек.

Конверт:

а) Тендерді ұйымдастырушыға мына мекенжай бойынша жолдануы: Қазақстан Республикасы, А05А2К5, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, №53;

б) «№ \_\_\_\_ Лот(тар) бойынша «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС автокөліктерін өткізу жөніндегі ашық тендер» және «2026 жылғы «17» маусымдағы 16 сағат 00 минутқа дейін ашуға болмайды» деген сөздерді қамтуы тиіс.

8.2. Кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын төлем тапсырмасының түпнұсқасы түріндегі тендерлік өтінімді қамтамасыз ету бөлек қоса беріледі. Бұл ретте тендерлік өтінімнің құрамында тігілген төлем тапсырмасы мұндай тендерлік өтінімді қабылдамау (четтетіп тастау) үшін негіз болып табылмайды. Бұл жағдайда төлем тапсырмасының түпнұсқасы әлеуетті сатып алушыға қайтарылмайды.

8.3. Тендерлік өтінімде жолдар арасында ешқандай қыстырмалар, өшпірілген жерлер немесе үстеме жазулар болмауы тиіс.

## 9. Баға ұсынысы

9.1. Әлеуетті сатып алушы осы Тендерлік құжаттамаға №5 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша Баға ұсынысын ресімдейді. Онда сатып алынатын автокөліктің соңғы бағасын құрайтын әлеуетті сатып алушының барлық нақты шығындары, соның ішінде ілеспе шығындардың құны көрсетілуі тиіс.

9.2. Баға ұсынысы теңгемен көрсетілуі керек. Тендер жеңімпазы төлемді теңгемен жүргізеді.

## 10. Тендерлік өтінімнің тілі

10.1. Әлеуетті сатып алушы дайындаған тендерлік өтінім, сондай-ақ тендерлік өтінімге қатысты барлық хат-хабарлар мен құжаттар орыс тілінде жасалады және ұсынылады. Әлеуетті сатып алушы ұсынатын ілеспе құжаттама мен баспа әдебиеті, оларға тиісті бөлімдердің тендерлік өтінім тіліндегі дәл, нотариалды куәландырылған аудармасы қоса берілген жағдайда, басқа тілде жасалуы мүмкін. Бұл жағдайда

«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

тендерлік өтінімді түсіндіру мақсатында орыс тілінде жасалған құжаттар басымдыққа ие болады.

### 11. Тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі

11.1. Тендерге қатысуға арналған тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі тендерлік өтінімдері бар конверттер ашылған күннен бастап кемінде 80 күнтізбелік күнді құрауы тиіс

11.2. Осы Тендерлік құжаттаманың 11-тармағының 1-тармақшасында көрсетілгеннен қысқарақ қолданылу мерзімі бар тендерлік өтінім қабылданбайды (четтетіледі).

### 12. Тендерлік өтінімдерді өзгерту және оларды кері қайтарып алу

12.1. Әлеуетті сатып алушы тендер өткізілуден кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын, тендерлік өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін өзінің енгізген тендерлік өтінімін қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпастан, өзінің тендерлік өтінімін өзгертуге, толықтыруға немесе кері қайтарып алуға құқылы.

12.2. Кері қайтарып алу туралы хабарламаны әлеуетті сатып алушы жазбаша нысанда жіберуі тиіс.

12.3. Әлеуетті сатып алушылардың ұсынылған тендерлік өтінімдерге оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін өзгерістер енгізуіне жол берілмейді.

### 13. Тендерлік өтінімдерді ұсыну орны мен түпкілікті мерзімі


13.1. Тендерлік өтінімдер Тендерді ұйымдастырушыға қолма-қол немесе пошта арқылы мына мекенжай бойынша ұсынылады: Қазақстан Республикасы, А05А2К5, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, 53, «17» маусым 2026 жылғы сағат 15:00-ге дейін қоса алғанда – бұл тендерлік өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі болып табылады.

13.2. Тендерлік өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін алынған тендерлік өтінім қабылданбайды.

### 14. Тендерлік өтінімдерді ашу

14.1. Қатысып отырған әлеуетті сатып алушылар немесе олардың өкілдері Серіктестік кеңсесіндегі 9/02 конференс-залында конверттерді ашу рәсімінен кейін өздерінің қатысқанын растай отырып, әлеуетті сатып алушыларды (тендерге қатысушыларды) тіркеу журналына тіркелуі тиіс. Әлеуетті сатып алушы өкілінің өкілеттігі тендерлік өтінімге қоса берілетін немесе өкіл тендерлік өтінімдері бар конверттерді ашу алдында ұсынатын сенімхатпен расталуы керек.

14.2. Тендерлік өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзіміне дейін ұсынылған тендерлік өтінімдері бар конверттерді тендерлік комиссия Астана уақыты бойынша 2026 жылғы «17» маусымда сағат 16:00-де мына мекенжай бойынша ашады:



**«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА**

Қазақстан Республикасы, А05А2К5, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, 53, Серіктестік кеңсесі.

14.3. Тендерлік өтінімдері бар конверттерді ашу кезінде тендерлік комиссияның хатшысы барлық қатысып отырған мүдделі тұлғаларға тендерге қатысатын әлеуетті сатып алушылардың атауы мен мекенжайын, олар ұсынған бағалар мен төлемдерді, егер олар құжат жүзінде көрсетілсе, тендерлік өтінімдерді кері қайтарып алу мен оларға енгізілген өзгерістерді, тендерлік өтінімді құрайтын құжаттардың бар-жоғы туралы ақпаратты жариялайды және бұл ақпаратты тендерлік өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасына тіркейді.

14.4. Тендерлік өтінімдері бар конверттерді ашу рәсімінің қорытындысы бойынша тендерлік комиссияның хатшысы конверттерді ашу хаттамасын жасайды, оған тендерлік комиссияның төрағасы, оның орынбасары, мүшелері және тендерлік комиссияның хатшысы қол қояды.

**15. Тендерлік өтінімдерді алдын ала зерделеу және қарау**

15.1. Өтінімдерді тендерлік комиссия тендерге қатысуға өтінімдері бар конверттер ашылған күннен бастап 15 (он бес) күнгізбелік күн ішінде қарастырады.

15.2. Тендерлік комиссия тендерлік өтінімдерді олардың тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

15.3. Тендерлік өтінімдерді қарау осы Тендерлік құжаттамаға сәйкес жүзеге асырылады.

15.4. Әлеуетті сатып алушылардың тендерлік өтінімдерінің осы Тендерлік құжаттамада қойылатын талаптарға сәйкестігі, сондай-ақ олар ұсынатын ақпараттың толықтығы мен шынайылығы тендерлік комиссияның әлеуетті сатып алушылар осы Тендерлік құжаттаманың 7 және 8-тармақтарына сәйкес тендерлік өтінімдердің құрамында ұсынған құжаттарды қарау сәтінде белгіленеді.

15.5. Тендерлік комиссия мынадай жағдайларда тендерлік өтінімді қабылдамайды, егер:

а) тендерлік өтінім осы Тендерлік құжаттамада белгіленген талаптарға, соның ішінде осы Тендерлік құжаттаманың 3-тармағында анықталған талаптарға сәйкес келмесе;


б) әлеуетті сатып алушы Тендерлік құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және шарттарда тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді енгізбесе;

в) тендерге қатысуға жіберілген әлеуетті қатысушылардың тендерлік өтінімдерінің бағалары автокөліктің бастапқы/ең төменгі құнынан төмен болса.

Тендерлік комиссия қабылдамаған тендерлік өтінім тендерлік өтінімдерді бағалау мен салыстыруға жіберілуі мүмкін емес.

**16. Әлеуетті қатысушылардың қойылатын біліктілік талаптарына  
сәйкестігін бағалау критерийлері мен әдістері**

16.1. Өткізілетін автокөлік процесіне қатысу үшін әлеуетті сатып алушы мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:



**«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА**

- 1) сату-сатып алу шартын жасасу үшін азаматтық құқық қабілеттілігіне ие болуы;
- 2) төлем қабілеті бар болуы, тарату (ликвидация) сатысында болмауы, оның мүлкіне қамау қойылмауы, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тоқтатыла тұрмаған болуы тиіс.

**17. Тендерлік өтінімдерді бағалау және салыстыру**

17.1. Тендерлік комиссия қабылданбаған (четтетілмеген) тендерлік өтінімдерді бағалайды және салыстырады, сондай-ақ ең жоғары бағаны таңдау негізінде және баға факторынан бөлек осы Тендерлік құжаттамада белгіленген өзге де критерийлерді ескере отырып, жеңімпаз тендерлік өтінімді анықтайды.

17.2. Тендерлік өтінімдерді бағалау және салыстыру кезінде тендерлік комиссия оларды қарауды жеңілдету мақсатында тендерлік ұсынысты ұсынған қатысушыдан олардың тендерлік ұсыныстарына қатысты түсіндірме сұратуға құқылы. Бұл ретте тендерлік ұсынысты тендерлік құжаттамаға сәйкес келтіруге, соның ішінде бағаны өзгертуге бағытталған ешқандай сұрау салуға жол берілмейді.

**18. Тендер қорытындысын шығару тәртібі**

18.1. Әлеуетті сатып алушылардың ашық тендерге қатысуға арналған өтінімдері бар конверттер ашылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде тендерлік комиссия ашық тендердің қорытындысын шығарады, ол мынадай ақпаратты қамтитын тендер қорытындысы туралы хаттамамен ресімделеді:

- 1) автокөліктің атауы және қысқаша сипаттамасы;
- 2) тендерлік өтінімдерді ұсынған әлеуетті сатып алушылардың атауы мен орналасқан жері;
- 3) автокөліктің бастапқы/ең төменгі бағасы;
- 4) тендерлік өтінімнің бағасы;
- 5) тендерлік өтінімдерді бағалау мен салыстырудың баяндалуы;
- 6) тендерлік өтінімдер қабылданбаған жағдайда – оларды қабылдамаудың негіздемесі;
- 7) тендер жеңімпазының атауы мен орналасқан жері және жеңімпаз анықталған шарттар;
- 8) егер тендер нәтижесінде жеңімпаз анықталмаса – тендерлік комиссияның мұндай шешім қабылдауының негіздемесі;
- 9) Тендерлік құжаттаманы түсіндіру туралы сұрау салулардың, оларға берілген жауаптардың жалпыланған мазмұны, сондай-ақ Тендерлік құжаттамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың жалпыланған мазмұны;
- 10) сату-сатып алу шартына қол қойылуы тиіс мерзім (бірақ тендер жеңімпазы хабарламаны алған сәттен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзім);
- 11) жеңімпаздың сату-сатып алу шартына қол қоюдан бас тартқаны үшін жауапкершілігі;



«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

12) тендерге қатысушыларға, жеңімпазды қоспағанда, кепілдік жарнаны қайтару туралы шешім (қатысушының атауы мен қайтарылуы тиіс кепілдік жарнаның сомасы көрсетіледі).

18.2. Тендерлік комиссия тендерлік өтінімдерді бағалайды және салыстырады, сондай-ақ ең жоғары баға негізінде және баға факторынан бөлек осы Тендерлік құжаттамада белгіленген өзге де критерийлерді ескере отырып, жеңімпазды анықтайды.

Тендерлік ұсыныстарды бағалау жүйесі тендерлік құжаттамамен анықталады. Егер екі және одан да көп қатысушының тендерлік ұсыныстарында бірдей баға көрсетілсе және олар тендердің қалған талаптарына жауап берсе, онда олардың арасында жеңімпазды анықтау үшін тек ағылшын тізбелі әдісін қолдана отырып аукцион өткізіледі. Бұл әлеуетті сатып алушылардан немесе олардың уәкілетті өкілдерінен тендер бойынша бағаны көтеруге қосымша баға ұсынысының бар-жоғын сұрату арқылы жүзеге асырылады. Бағаны көтеруге қосымша баға ұсынысын қабылдау уақыты көтеруге қосымша баға ұсыныстарың қабылдаудың басталғаны жарияланған сәттен бастап тендер бойынша 5 (бес) минуттан аспауы тиіс.

18.3. Егер тендерге 2 (екі) әлеуетті сатып алушыдан аз қатысса немесе ұсынылған барлық тендерлік өтінімдер қабылданбаса (четтетілсе), не жеңімпаз бен екінші орын алған әлеуетті сатып алушы шарт жасасудан жалтарса, комиссия тендерді өтпеді деп жариялайды. Сондай-ақ, егер ұсынылған барлық тендерлік ұсыныстар осы тендерге белгіленген активтің бастапқы/ең төменгі бағасынан төмен болса, тендер өтпеді деп танылады.

18.4. Тендер өтпеді деп танылған жағдайда, тендерлік комиссия тендерге қатысуға тендерлік ұсыныс берген барлық қатысушыларды осы негіздердің дұрыстығына дәлелдемелер ұсынбастан, тендердің өтпеді деп танылуына негіз болған себепті көрсете отырып, жазбаша түрде хабардар етеді.

18.5. Егер тендер жеңімпазы Тендер қорытындысы туралы хаттамада белгіленген мерзімде сату-сатып алу шартын жасасудан жалтарса немесе жасалған шарт сатып алушының міндеттемелерді орындамауы салдарынан бұзылса, Тендерді ұйымдастырушы тендердің басқа қатысушысымен шарт жасасуға құқылы, оның ұсынысы тендер жеңімпазының ұсынысынан кейінгі ең қолайлы ұсыныс болып табылады, не болмаса жаңа тендер өткізіледі. Бұл ретте сатып алушыға кепілдік жарна қайтарылмайды.

18.6. Тендерлік комиссия тендер қорытындысы туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жеңімпазға хабарлама жібереді (тапсырысты хатпен, жеделхатпен, факспен) және ашық тендер қорытындысы туралы ақпаратты орыс және қазақ тілдерінде тендер өткізу туралы хабарландыру жарияланған дәл сол мерзімді баспа басылымында жариялайды.

## 19. Шарт жасасу тәртібі

19.1. Тендерді ұйымдастырушы тендер жеңімпазына хабарлама жібергеннен және Тендер қорытындысы туралы хаттамаға сәйкес Серіктестіктің Уәкілектер

**«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА**

органының автокөлікті өткізуге келісімін алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тендерді ұйымдастырушы тарапынан қол қойылған шарт жобасын жібереді.

19.2. Тендер жеңімпазы өзінің тендерлік өтінімі жеңімпаз деп танылғаны туралы хабарламаны және сату-сатып алу шартының жобасын алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шартқа қол қояды немесе Тендерді ұйымдастырушыға бар келіспеушіліктер туралы не шартқа қол қоюдан бас тартатыны туралы жазбаша хабарлайды.

19.3. Егер әлеуетті сатып алушы тендер жеңімпазы деп танылып, Тендерлік құжаттаманың 19-тармағының 2-тармақшасында белгіленген мерзімде сату-сатып алу шартына қол қоймаса немесе жасалған шарт сатып алушының міндеттемелерді орындамауы салдарынан бұзылса, Тендерді ұйымдастырушы тендердің басқа қатысушысымен шарт жасасуға құқылы, оның ұсынысы тендер жеңімпазының ұсынысынан кейінгі ең қолайлы ұсыныс болып табылады, не болмаса жаңа тендер өткізіледі. Бұл ретте сатып алушыға кепілдік жарна қайтарылмайды.

19.4. Бекітілген сату-сатып алу шартының жобасына немесе қол қойылған сату-сатып алу шартына сатып алушыны таңдауға негіз болған ұсыныстың мазмұнын өзгертуі мүмкін қандай да бір өзгерістер және/немесе жаңа шарттар енгізуге жол берілмейді.

19.5. Сату-сатып алу шартына барлық өзгерістер Тендерді ұйымдастырушы мен сатып алушының өзара келісімі бойынша енгізіледі.

19.6. Сату-сатып алу шартына Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормалары қолданылады.

## **20. Өткізілетін мүлікті төлеу және беру тәртібі**

20.1. Тендер жеңімпазы сату-сатып алу шарты күшіне енгеннен және Серіктестік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген шот-фактураның түпнұсқасын ұсынғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Серіктестіктің есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты аудару арқылы автокөлік үшін 100 % төлем жүргізеді.

20.2. Тендерлік өтінімді қамтамасыз ету ретінде енгізілген кепілдік жарнаның ақшалай сомасы тендер жеңімпазы мәмілесінің жалпы сомасына есептеледі.

20.3. Әлеуетті сатып алушының бағасы автокөліктің құнынан басқа, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген барлық салықтарды және басқа да міндетті төлемдер мен алымдарды қамтуы тиіс.

20.4. Автокөлік оның құны 100% төленген сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Сатып алушыға беріледі. Автокөлікті беру фактісі қабылдау-беру актісімен расталады. Бұл ретте жеңімпаз қабылдау-беру актісіне қол қойылғаннан кейін өз күшімен және өз есебінен автокөлікті осы тендерлік құжаттаманың №1 Қосымшасына сәйкес мекенжайлардан дереу алып кетуге міндетті.

20.5. Тендер жеңімпазы Автокөлік берілгеннен және қабылдау-беру актісіне қол қойылғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде көлікті тиісті техникалық жағдайға келтіруге, яғни Сатушының Автокөлікті техникалық байқаудан өткізуі және есептен шығаруы үшін өз күшімен және өз есебінен ақауларды жоюға міндетті.

*SA Leo*

«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

20.6. Тендер жеңімпазы Автокөлік берілгеннен және қабылдау-беру актісіне қол қойылғаннан кейін 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде өз күшімен және өз есебінен Автокөлікке меншік құқығының өтуін мемлекеттік тіркеуді жүргізуге міндетті.

SA

SA

«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

№ 2 қосымша

Автокөлікті сатуға арналған тендерлік құжаттамаға  
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС

Бас директордың 2026 жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ бұйрығымен

Мемлекеттік нөмірі \_\_\_\_\_, 20\_\_ жылы шығарылған \_\_\_\_\_  
автокөлігін сату-сатып алу № \_\_\_\_\_ шарты

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2026ж. Алматы қ.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және әрекет ететін «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, 2011 жылғы 18 қаңтарда Алматы қаласының Әділет Департаментімен берілген, БСН - 110 140 008 803, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А05А2К5, Алматы қ., Алмалы ауданы, Абылай хан д-лы, 53, бұдан әрі «Сатушы» деп аталады, 20\_\_ ж. \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ сенімхат негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ мырзаның және \_\_\_\_\_ мырзаның атынан, бір тараптан және ТАӘ, жеке куәлік № \_\_\_\_\_, «\_\_» \_\_\_\_\_ ж. берілген, өз атынан әрекет ететін (жеке тұлғалар үшін), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және әрекет ететін Заңды тұлғаның атауы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ қаласының Әділет Департаментімен берілген, БСН - \_\_\_\_\_, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, \_\_\_\_\_, Жарғы негізінде әрекет ететін Директор ТАӘ атынан (заңды тұлғалар үшін) одан әрі – «Сатып алушы» деп аталады, бірлесіп «Тараптар», ал жекелей «Тарап» деп аталып, төмендегідей осы шартты жасасты:

### Анықтамалар және терминдер

Осы Шартта қолданылатын анықтамалар мен терминдер келесідей түсіндіктерді білдіреді:

- 1) «Шарт» - Сатушы мен Сатып алушы арасында Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалған, жазбаша нысанда тіркелген, тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық мәміле;
- 2) «Актив» - мемлекеттік нөмірі \_\_\_\_\_, 20\_\_ жылы шығарылған, түсі сұр, шанақ № \_\_\_\_\_, қозғалтқыш № \_\_\_\_\_, шасси № \_\_\_\_\_, Сатушының балансында орналасқан автокөлік құралы;
- 3) «Өкілетті органдар» - бір терезеден қағидасы бойынша жүргізушілер куәлігін беру және автокөлік құралдарын тіркеу (қайта тіркеу) бойынша халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету үшін мамандандырылған халыққа қызмет көрсету Орталықтары;
- 4) «Заңнама» - Шартты қолдану мерзімінде әрекет ететін Қазақстан Республикасының



«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

заңнамасы.

5) «Нормативтік құжаттар» - Қазақстан Республикасында әрекет ететін нормативтік құжаттар.

**1 бап. Шарттың тақырыбы**

1.1. Сатушы \_\_\_\_\_ және \_\_\_\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ активті сату бойынша тендер нәтижелері туралы хаттама негізінде, осы шартта баяндалған талаптарға сәйкес Активті сатады, ал Сатып алушы меншік иелігіне сатып алады.

1.2. Актив сату бағасы толықтай төленген соң Сатып алушыға тапсыруға жатқызылады және Тараптар осы шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылатын қабылдау-тапсыру Актісіне (осы Шарттың №1 Қосымшасы) қол қойған күннен бастап тапсырылды деп есептеледі. Осы сәттен бастап Сатып алушыға Активтің кездейсоқ бүліну немесе кездейсоқ бұзылу қаупі өтеді.

1.3. Сатып алынған Активке меншік құқығы Сатып алушыда өкілетті органдарда мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап пайда болады.

**2 бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

**2.1. Сатушы міндеттеледі:**

2.1.1. Қабылдау-тапсыру Актісіне (осы Шарттың №1 Қосымшасы) қол қойылған соң Активті өкілетті органдарда тіркеу есебінен шығаруға;

2.1.2. Шартты одан әрі орындаудан бір жақты бас тартылған жағдайда, бұл жөнінде Сатып алушыны Активті сату бойынша тендер қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылғаннан кейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей ескертуге.

**2.2. Сатып алушы міндеттеледі:**

2.2.1. Осы шарттың 3.1 т. сәйкес, Актив үшін оның 100% бағасын төлеуге және Сатушыға төлем құжаттарының көшірмелерін ұсынуға.

2.2.2. Актив тапсырылған соң және осы Шарттың №1 Қосымшасына сәйкес қабылдау-тапсыру Актісіне қол қойылған соң өз күшімен және өз қаражаттары есебінен 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Активке меншік құқығының өтуіне мемлекеттік тіркеу жүргізуге;

2.2.3. Өзіне меншік құқығы өткенге дейін Активті иеліктен шығармауға және өзгеше түрде иелік етпеуге.

2.2.4. Актив тапсырылған соң және қабылдау-тапсыру Актісіне қол қойылған соң 10 (он) күнтізбелік күн ішінде көлікті тиісті техникалық жағдайға келтіруге, яғни техникалық тексеруден өткізіп, Сатушы Активті есептен шығаруы үшін ақауларды өз күштерімен және өз есебінен жоюға.

**3 бап. Активтің құны және есеп айырысу тәртібі**

3.1. Активті сату бағасы тендер қорытындылары бойынша ( \_\_\_\_\_ ж. № \_\_\_\_\_

PA Leo

**«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА**

хаттама) анықталды және \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) теңгені, ҚҚС есептегенде, құрайды.

3.2. \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) теңге, ҚҚС есептегенде, мөлшеріндегі кепілдік жарна тендер сатып алынған Актив құнының есебіне жатқызылады.

3.3. Сатып алушы осы шартқа қол қойылған күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) теңге, ҚҚС есептегенде, мөлшеріндегі Актив құнының қалған сомасы бойынша қолма-қол ақшасыз төлем жүргізеді және Сатушыға ақша қаражаттарын шотқа салғаны туралы төлем тапсырмасын ұсынады.

3.4. Активтің жалпы құны Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толықтай орындағанға дейін өзгеріссіз қалады.

**4 бап. Тараптардың жауапкершілігі**

4.1. Сатып алушы осы шарттың 3.3 т. қарастырылған талаптарды орындамаған жағдайда, Сатушы шартты бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы.

4.2. Осы шарттың 4.1. т. қарастырылған негіздемелер бойынша шарттың әрекеті тоқтатылған кезде, енгізілген кепілдік жарна Сатып алушыға қайтарылмайды. Бұған қоса, Сатып алушы Сатушыға кепілдік жарна сомасымен жабылмаған шығындарды өтейді.

4.3. Осы шартта қарастырылмаған тараптардың жауапкершілік шаралары Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін азаматтық заңнама нормаларына сәйкес қолданылады.

**5 бап. Еңсерілмейтін күш жағдайлары**

5.1. Тараптар осы Шартқа қол қойылған соң пайда болған, Тараптардың еркіне бағынбайтын, оларды Тараптар алдын-ала болжау және ақылға қонымды шаралармен алдын алу мүмкін болмаған төтенше сипаттағы оқиғалар нәтижесінде еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан Шарт бойынша ішінара немесе толықтай міндеттемелерді орындамау жауапкершілігінен босатылады.

5.2. Еңсерілмейтін күш жағдайларына келесі сипаттағы жағдайлар: соғыс және кез-келген сипаттағы әскери операциялар, ереуілдер, эпидемиялар, апаттар, өрт шығу, мұз басу, көшкіндер, сел тасқындары, дауылды желдер, жер сілкінісі, су тасқындары, блокаданы немесе эмбаргоны жариялау, орталық мемлекеттік органдардың құқықтық актілерді шығаруы, сот органдарының қаулылары жатқызылады.

5.3. Жоғарыда аталған жағдаларға байланысты Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерді орындау мүмкіндігі болмаған Тарап еңсерілмейтін күш жағдайларының пайда болғаны және одан кейін тоқтатылғаны жөнінде олар пайда болған (тоқтатылған) күннен бастап 7 (жеті) күннен кешіктірмей екінші Тарапты жазбаша нысанда шұғыл хабарлауға міндетті.

5.4. Еңсерілмейтін күш жағдайларының пайда болу және тоқтатылу дерегі өкілетті органмен куәландырылуы тиіс.

5.5. Еңсерілмейтін күш жағдайларының пайда болғаны жөнінде хабарламау немесе уақытылы ескертпеу тиісті Тарапты осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау құқығынан босататын осындай жағдайларға негіздеме ретінде сілтеме жасау құқығынан

ST

Leo

**«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА**

айырады.

5.6. Егер еңсерілмейтін күш салдарынан пайда болған салдар 2 (екі) айдан астам уақытқа созылатын болса, онда Тараптар 30 (отыз) банк күні ішінде өзара есеп айырысу жүргізу арқылы осы Шартты бұзуға құқылы.

**6 бап. Хабарламалар**

6.1. Осы Шартқа қол қойылған сәттен бастап барлық алдын-ала келіссөздер мен Тараптардың қатынасхаттары өз күшін жоғалтады.

6.2. Тараптардың осы Шарт бойынша бір-біріне жолдайтын кез-келген хабарламалары немесе өзге де ақпараттары бір Тараптан екінші Тарапқа осы Шарттың «Тараптардың заңды мекенжайлары мен деректемелері» тарауында нұсқалған тиісті мекенжайлар бойынша, осы Шартқа қол қойған лауазымды тұлғаның атына жолданады.

6.3. Тараптардың жолдайтын кез-келген хабарламалары немесе өзге де ақпараттары алынған болып есептеледі:

факспен жолданған кезде – тапсыру күні, қабылдаушы аппараттың алғаны жөнінде растамасы болған жағдайда;

қолдан қолға берген кезде – деректі жеткізілу күні;

поштамен жіберу кезінде – жолданған күннен кейін бесінші жұмыс күні;

келесі жұмыс күні, жөнелтімді алу орны бойынша жұмыс күні болып табылмайтын күні немесе жұмыстан тыс уақытта хабарлама алынған жағдайда.

**7 бап. Құпиялылық**

7.1. Сатып алушы және Сатушы осы Шарттың талаптарына жататын мәліметтердің құпиялылығын сақтау бойынша міндеттемені өзіне алады.

7.2. Тараптар осы Шартқа қатысты мәліметтерді жарияламауға міндеттеледі. Шарт бойынша кез-келген ақпаратты жариялау екінші Тараптың жазбаша келісімі бойынша ғана мүмкін.

7.3. Мәліметтер жарияланған жағдайда немесе кез-келген Тарап құпия ақпаратты таратқан кезде, кінәлі Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес екінші Тараптың шеккен залалдарын өтеуге міндетті болады. Құпия ақпаратты таратқан Тарап мұндай жариялау екінші Тараптың жазбаша құптауы бойынша жүргізілгенін немесе Құпия ақпарат үшінші тұлғаларға Шартпен байланыссыз жағдайлар бойынша қолжетімді болғанын дәлелдеген жағдайда, бұл талаптар қолданылмайды.

**8 бап. Дауларды шешу тәртібі**

8.1. Осы Шарт бойынша пайда болған немесе онымен байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешуге тырысады.

8.2. Келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған даулар мен келіспеушіліктер, оларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеу үшін, Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына шешу үшін тапсырылуға жатады.

«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

**9 бап. Шартты өзгерту және бұзу тәртібі**

9.1. Жасалған Шартқа өзгертулер мен толықтырулар енгізуге Қазақстан Республикасының Заңнамасында қарастырылған негіздемелер бойынша жол беріледі. Осы Шартқа кез келген өзгертулер мен толықтырулар енгізу, олар жазбаша түрде рәсімделіп, тараптармен қол қойылған жағдайда ғана заңды күшінде болады.

9.2. Осы Шартты бұзу Тараптардың келісімі бойынша, осы Шартпен қарастырылған немесе Қазақстан Республикасының Заңнамасында қарастырылған негіздемелер бойынша орын алуы мүмкін.

**10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы міндеттемелер**

10.1. Сатып алушы Сатып алушылардың иелерін, директорларын, лауазымды адамдарын, қызметкерлері мен агенттерін шектеусіз қоса алғанда, осы Шарт бойынша әрекет ететін онымен үлестес барлық жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі олардың әрқайсысы «үлестес тұлға» деп аталады) осы ескертпенің кепілдіктерін сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

10.2. Сатып алушы және барлық үлестес тұлғалар тікелей немесе жанама түрде келесі іс-әрекеттерді жасамауға міндеттенеді:

10.3. Бизнесі заңсыз алу, сақтау немесе жүргізу не Сатушы үшін заңсыз артықшылықтар алу мақсатында мемлекетке байланысты кез-келген тұлғаға қандай да бір ақша қаражатын төлеуге, ұсынуға, уәде етуге не төлеуге рұқсат етуге немесе өзге де құндылықтарды (сыйлықтар, ойын-сауық және субсидияларды қоса алғанда) беруге құқығы бар.

10.4. Коммерциялық параға сатып алуды және бизнесті жүргізудің өзге де заңға қайшы және заңсыз құралдарын қоса алғанда, коммерция саласында парақорлыққа тыйым салатын қолданыстағы заңдарды бұзатын өзге де әрекеттер жасамау.

10.5. Сатып алушы мемлекетпен байланысты тұлға болып табылмайды және оның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері не тікелей немесе жанама иелері болып табылатын саяси маңызы бар тұлғалары болмайды. Сатып алушы қандай да бір саяси маңызы бар тұлға Сатып алушы лауазымды тұлғасы немесе қызметкері болған не осы Шартқа қатысудың тікелей немесе жанама үлесін алған барлық жағдайлар туралы Сатушыны жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндеттенеді.

10.6. Сатып алушы қандай да бір заңсыз мақсатта емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған және қаржыландырудың заңды көздері ғана бар.

10.7. Сатып алушы және оның үлестес тұлғалары алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңға қайшы әрекеттер жасағаны үшін сотталмаған немесе кінәлі деп танылған. Егер Сатып алушы немесе оның қандай да бір үлестес тұлғалары осындай құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасағаны үшін

«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

сотталса немесе кінәлі деп танылса, Сатып алушы Сатушыны жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндеттенеді.

10.8. Сатып алушы осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің талаптары іс жүзінде немесе ықтимал бұзылған жағдайда Сатушыға адал түрде көмек көрсетуге және жәрдем көрсетуге, оның ішінде өз иелеріне, директорларына, лауазымды адамдарына және басқа да үлестес тұлғаларына сауалнама жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

**11 бап. Қорытынды ережелер**

11.1. Осы Шарт, екі данада бірдей заңдық күші бар, орыс және қазақ тілдерінде әр Тарап үшін бір-бір данадан жасалды.

11.2. Бұл Шарт оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және тараптар оның талаптарын орындағанға дейін әрекет етеді.

11.3. Осы Шарт Тараптармен, олардың өзара келісімі негізінде өзгертілуі және/немесе толықтырылуы мүмкін.

PA

Leo

«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

**12. Тараптардың заңды мекенжайлары және деректемелері**

**Сатушы:**

«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС

А05А2К5, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абылай хан д-лы, 53, пошталық индексі

А05А2К5

БИН / VIN: 110 140 008 803

Кбе /Кбе: 17

Шот теңгемен No.: KZ319130016662210KZT

Шот доллармен: No.: KZ059130016662211USD

«Қазақстандағы Қытай банкі» ЕБ АҚ

Банктің БСК: ВКСНКЗКА

Банктің БСН: 930440000156

\_\_\_\_\_ /

\_\_\_\_\_ /  
**Ф.И.О./ Т.А.Ә.**

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ /

\_\_\_\_\_ /  
**Ф.И.О./ Т.А.Ә.**

\_\_\_\_\_

**Покупатель/ Сатып алушы:**

\_\_\_\_\_

*sf*

*for*

«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2026 ж.  
№ \_\_\_\_\_ Шартқа  
№1 Қосымша

**ҚАБЫЛДАУ-ТАПСЫРУ АКТІСІ**

Алматы қ.

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2026 ж.

2026 жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ сатып алу-сату шартына сәйкес, «Сатушы» – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және әрекет ететін «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, 2011 жылғы 18 қаңтарда Алматы қаласының Әділет Департаментімен берілген, БСН - 110 140 008 803, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А05А2К5, Алматы қ., Абылай хан д-лы, 53, 20\_\_ ж. \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ сенімхат негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ мырзаның және \_\_\_\_\_ мырзаның атынан, бір тараптан және «Сатып алушы» – Т.А.Ә, жеке куәлік № \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ ж. \_\_\_\_\_ берілген, \_\_\_\_\_ мекенжайы бойынша тұрады, бұдан әрі Нысан деп аталатын, мемлекеттік нөмірі \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ ж. шығарылған, түсі \_\_\_\_\_, шанақ № \_\_\_\_\_, қозғалтқыш № \_\_\_\_\_, шасси № \_\_\_\_\_, жағдайы \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ автокөлігін қабылдайды. Сатушы жоғарыда нұсқалған Нысанды баланстан шығарады. Сатып алушы жоғарыда нұсқалған Нысанды ( \_\_\_\_\_ ) теңге сатып алу бағасы бойынша қабылдайды. Осы қабылдау-тапсыру актісі Сатып алушының қабылданатын Нысанға қатысты қандай да бір шағымының жоқтығын растайды.

**Сатушы:**

\_\_\_\_\_

**Т.А.Ә.**

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**Т.А.Ә.**

\_\_\_\_\_

**Сатып алушы:**

\_\_\_\_\_

*SA* *Leo*

«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС Бас директорының  
2026 жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ Бұйрығымен бекітілген  
Автокөлікті өткізуге арналған тендерлік құжаттамаға  
№3 Қосымша

(Кімге) Тендерлік комиссияның төрағасына  
(атауы)

(Кімнен) \_\_\_\_\_  
(әлеуетті сатып алушының атауы)

**Тендерге қатысуға өтінім**  
(заңды тұлғалар үшін)

\_\_\_\_\_

(тендердің атауы)

ашық тендерін өткізу бойынша тендерлік құжаттаманы қарастырып,

оны алу осы арқылы куәландырылады,

\_\_\_\_\_

(әлеуетті сатып алушының атауы)

Келесі лоттар бойынша автокөлікті сатып алуды ұсынады:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(толық сипаттамасы)

тендерлік құжаттамаға сәйкес келесі жалпы сомаға


\_\_\_\_\_

(сандармен және жазумен)

Осы тендерлік өтінім мыналарды қамтиды:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_

Біздің тендерлік өтініміміз жеңді деп танылған жағдайда, Автокөлікті тапсырғаннан және қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғаннан кейін \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) (5.2.2-тармаққа сәйкес. шарт жобасының) күнтізбелік күн ішінде  
(санмен және жазумен)



«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

көлікті тиісті техникалық жай-күйге келтіруді, яғни техникалық байқаудан өту және Автокөлікті Сатушының есебінен шығарып алу үшін өз күшімізбен және өз есебімізден ақауларды жоюды, сондай-ақ Автокөлік тапсырылғаннан және қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғаннан кейін

\_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) (5.2.4-тармаққа сәйкес. шарт жобасының) күнтізбелік күн ішінде өз  
(санмен және жазумен)

күшімізбен және өз есебімізден автокөлікке меншік құқығының ауысуын мемлекеттік тіркеуді жүргізуді міндетімізге аламыз.

Біз тендерлік құжаттамада келісілген Сіздің төлем шарттарыңызбен келісеміз.

Осы тендерлік өтінім тендерлік өтінімдер салынған конвертттерді ашқан күннен бастап \_\_\_\_\_ (11.1-тармаққа сәйкес. Тендерлік құжаттама) күнтізбелік күн  
(жазумен)  
ішінде қолданылады.

Сатып алу-сату шартын жасау сәтіне дейін осы тендерлік өтінім оны жеңді деп тану туралы Сіздің хабарламаңызбен бірге біздің арамыздағы міндетті шарттың рөлін атқаратын болады.

\_\_\_\_\_  
(Қолы, күні)

М.О.

\_\_\_\_\_  
(Лауазымы, тегі, а.а.)

SA

«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС Бас директорының

2026 жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ Бұйрығымен бекітілген  
Автокөлікті өткізуге арналған тендерлік құжаттамаға  
№4 Қосымша

(Кімге) Тендерлік комиссияның төрағасына  
(атауы)

(Кімнен) \_\_\_\_\_  
(әлеуетті сатып алушының атауы)

**Тендерге қатысуға өтінім  
(жеке кәсіпкерлер мен жеке тұлғалар үшін)**

\_\_\_\_\_ ,  
(тендердің атауы)

ашық тендерін өткізу бойынша тендерлік құжаттаманы қарастырып,

оны алу осы арқылы куәландырылады,

\_\_\_\_\_ ,  
(әлеуетті сатып алушының атауы)

Келесі лоттар бойынша автокөлікті сатып алуды ұсынады:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(толық сипаттамасы)



тендерлік құжаттамаға сәйкес келесі жалпы сомаға

\_\_\_\_\_ ,  
(сандармен және жазумен)

Осы тендерлік өтінім мыналарды қамтиды:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_

Мен өз тендерлік өтінімім жеңді деп танылған жағдайда, Автокөлікті тапсырғаннан және қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғаннан кейін \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) (5.2.2-тармаққа сәйкес. шарт жобасының) күнтізбелік  
(санмен және жазумен)

«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

күн ішінде көлікті тиісті техникалық жай-күйге келтіруді, яғни техникалық байқаудан өту және Автокөлікті Сатушының есебінен шығарып алу үшін өз күшіммен және өз есебімнен ақауларды жоюды, сондай-ақ Автокөлік тапсырылғаннан және қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғаннан кейін \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) (5.2.2-тармаққа сәйкес. шарт  
(санмен және жазумен)  
жобасының) күнтізбелік күн ішінде өз күшіммен және өз есебімнен автокөлікке меншік құқығының ауысуын мемлекеттік тіркеуді жүргізуді міндетіме аламын.

Мен тендерлік құжаттамада келісілген Сіздің төлем шарттарыңызбен келісемін.

Осы тендерлік өтінім тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен бастап \_\_\_\_\_ (11.1-тармаққа сәйкес. Тендерлік құжаттама) күнтізбелік күн  
(жазумен)  
ішінде қолданылады.

Сатып алу-сату шартын жасау сәтіне дейін осы тендерлік өтінім оны жеңді деп тану туралы Сіздің хабарламаңызбен бірге біздің арамыздағы міндетті шарттың рөлін атқаратын болады.

\_\_\_\_\_  
(Қолы, күні)

М.О.

\_\_\_\_\_  
(Лауазымы, тегі, а.ә.)



«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС АВТОКӨЛІКТЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН  
ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС Бас директорының  
2026 жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ Бұйрығымен бекітілген  
Автокөлікті өткізуге арналған тендерлік құжаттамаға  
№5 Қосымша

№ \_\_\_\_\_ Лот бойынша \_\_\_\_\_ тендерінің баға ұсынысы  
(тендер атауы)

\_\_\_\_\_ (әлеуетті сатып алушының атауы)

1. Атауы	
2. Өлшем бірлігі	
3. ҚҚС есепке алғандағы баға.	

Осы тендерлік өтінім (тендерлік өтінімдерді ашу күнінен бастап \_\_\_\_\_  
(жазумен) күнтізбелік күн ішінде қолданылады.

\_\_\_\_\_  
(Қолы)

М.О.

\_\_\_\_\_  
(Лауазымы, Тегі, А.Ә.)

